

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ТӘЛІМІ АЙМАҒЫНДА НОҚАТ ӨСІРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Оразалиев Н.Н., Мусабекова А.А.

*«Красноводопад ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС
Шымкент қ, Қазақстан*

Ноқат - өзінің тағамдық құндылығы мен дәмдік қасиеттері бойынша ең перспективалы және ең құнды бұршақ дақылдарының бірі, ал құрғақшылыққа төзімділіктің арқасында - бұл дақыл өзінің егіс алқаптарын қарқынды ұлғайтатын дақылдардың бірі болып табылады. Ноқат тұқымдары жоғары сұранысқа ие. Ноқатты қалай дұрыс өсіру керектігін білу өте маңызды, өйткені жоғары сапалы ноқат тұқымын әрдайым тиімді сатуға және пайда табуға болады. Ноқат-бұл соңғы жылдары белсенді түрде танымал болып келе жатқан дақылдардың бірі, өйткені ноқат өте құрғақшылыққа төзімді. Жалғыз кемшілігі – ноқат егілген егіс арамшөптермен толып кетуі мүмкін. Сондықтан арамшөптермен күресуге ерекше назар аудару керек. Ноқат өсіру өте тиімді, бірақ арамшөптермен күрес, тыңайтқыш жүйесін дұрыс құру және осы дақылдың қазіргі заманғы өсіру технологиясының барлық талаптарын сақтау арқылы ғана жақсы өнім алуға болады.

Ноқат өсімдігінің бойы 50-80 см аралықта болады, сабағы тік, жартылай жатыңқы және жатыңқы ал жапырақтары қауырсын пішіндес. Гүлдері әдетте ақ түсті. Қысқа, әрі жуандау қауашақ ішінде 1-2 кейде 3 дән пісіп жетіледі. Жұмыр формалы дәннің бір шеті сүйірлеу болып бітуі себепті оны қой бұршақ деп те атайды. Өсімдіктің тұтас бойы түкті болып келеді. Ноқат жәндіктермен тозаңданатын өсімдік.

Топырақты егіске дайындау. Ноқат себілетін жердің топырағы сапалы өңделуі қажет. Топырақ қабатын 25-27 см тереңдікке жыртып егу ноқат өніміне оң әсер тигізеді. Красноводопад тәжірибе станциясы мәліметі бойынша ноқатты 25-27 см тереңдікке сыдыра жыртып егу - 6,2; сыдыра жыртып 20-22 см тереңдікке егу – 6,0; сыдыра жыртып 12-14 см тереңдікке егу – 5,9 және дәнді топырақ қабатын өңдемей тікелей себу – 5,8 ц/га өнім алуға ықпал етеді.

Сондықтан топырақты негізгі өндеуде қуат күштерін тежейтін технологиялардан кең пайдалануға болады [2].

Дән себу мерзімі. Оңтүстік Қазақстан облысының тәлімі егіншілігіне жаңа дақыл – ноқаттың «Жаңалық» аудандастырылған сортын егіп-өсіруді ұсынған «Красноводопад» тәжірибе станциясы ғалымдары бұл дақылды ақпан айында егуді кеңес береді. Ақпан айында (орташа айлық жауын-шашын мөлшері – 55 мм) егілген дән, сол айға тән топырақ құрғақшылығынан зардап шекпейді. Ақпан айындағы топырақтың ылғалдылығы арпа-бидайдың дәндеріне жеткілікті болғанымен, ноқат дәнінің ірілігі себепті аз ылғал, дәннің тамыр жаюына жетіңкіремейді. Наурызда (орташа айлық жауын-шашын мөлшері – 74 мм) және қыс айларында егілген ноқат дәні өсіп шыққанға дейін топырақ астында жатып мол ылғал жинақтайды да, ерте көктемде өніп шығып, қарқынды өсе бастайды.

Ылғалдылық және жылулық. Суарылмайтын тәлімі алқаптарда өсірілетін ауыл-шаруашылық дақылдары үшін ылғал көзі болып тек атмосфералық жауын-шашын саналады. Сондықтан жауын-шашыннан пайда болатын ылғалды өсімдіктер өз физиологиялық қажеттеріне дұрыс пайдалануын қамтамасыз етіп, осындай жағдайға бейім дақылдарды таңдап, олардан мол өнім алу ауыл шаруашылығы ғылымының негізгі міндеттерінің бірі. Ақпан айында егілген ноқат көктемнің бірінші жартысында ылғалдан тапшылық көре қоймайды. Оған бір жағынан орта тамырының 100-120 см тереңдікке кетуі ылғал жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етсе, екінші жағынан жапырақтарының ұсақ, ал қабығының түкті болуы өсімдіктегі ылғалдың шамадан тыс булануын тежейді.

Көктемнің екінші жартысында жауатын атмосфералық жауын-шашынды сақтау үшін бұтақтану кезеңінде жүргізілген агротехникалық шара – ноқат егісінің бетін тырмалау нәтижесінде топырақта ылғал сақталып, өсімдіктің өсуіне аса қажет кезең – бұтақтану кезеңі бірқалыпты өтеді. Егерде жауған жауыннан кейін ылғал сақтау шаралары жүргізілмесе, ылғал жоғары температура әсерінен өсімдікке пайдасын тигізбей буланып кетеді. Көктемде

қар ерігеннен кейін ноқат өскіні -16 градусқа дейін аязға төтеп береді, ересек өсімдіктері -8 градусқа шыдайды [1].

Топырақ құнарлылығы. Ноқат топыраққа түскен соң тамырлар жайылып өзіне қажетті қоректі топырақтан алады. Топырақ құрамында қажетті заттар жеткілікті болса, өсімдіктің өсіп-өну процесі бірқалыпты жағдайда өтеді. Ал тәлімі, ылғал жеткіліксіз алқаптарда топырақ құрамында өсімдік үшін қажетті заттар, элементтер жеткіліксіз немесе өсімдік өзіне пайдалана алмайтын түрде болады. Себебі, ылғал жетіспегендіктен органикалық заттар минералданбайды, ал нитрат және фосфорлар жылжымайтын немесе ерімейтін түрге айналып кетеді. Біздің сұр топырағымызда азот және фосфор жеткілікті болғанымен, олардың өсімдік өзіне пайдалана алатын формалары (жылжымалы нитрат және фосфор) аз. Ал қарашірік топырақ құрамында бар болғаны 0,8-1,2 % ғана.

Ноқат дақылы үшін P_{30} және P_{60} минерал тынайтқыштарымен үстеп қоректендіру жоғары өнім кепілі болып табылады.

Арамшөптерге қарсы күрес. Ноқаттың себу мөлшері 80-100 кг/га сонымен қатар қатараралығы кең болғандықтан арамшөптердің зияны арта түседі. Сол себепті, ноқат мейлінше таза пар немесе бидай, арпадан кейін егу қажет. Арамшөптермен күрес механикалық және химиялық жолдармен жүргізіліп отырылуы тиіс. Механикалық күрес тәсіліне егіс алдынан жерді чизельдеу және сәуір айы кезінде ноқат егісін тырмалау жатады. Химиялық тәсілге арамшөптер бас көтере бастағанда Фюзилад-форте гербицидін 1,5-2,0 л/га есебінде шашу болып табылады, ал арамсоюға қарсы пивот гербицидин 1 л/га егіс алдында топырақты бүрку (ендірумен), өну кезеңінде дақылдарды бүрку немесе бүрку алдында - ноқаттың 2-3 жапырақтану кезеңінде шашу керек. Жұмыс сұйықтығының шығыны - 200-400 л/га. Ең маңыздысы, ноқатты ауыспалы егіншілік жүйесі енгізу, өсіріп-өндіру арамшөптердің зиянды әсерін әлсіретеді.

Өсімдік зиянкестерімен күрес агротехникалық және химиялық шаралармен қатар жүргізіледі:

- Агротехникалық шаралардың негізгі талаптары – ноқатты өсіріп-өндіру технологиясын қатаң сақтау болып табылады. Ноқат егілетін атызды жазда

бидайды орып бола салысымен 20-27 см тереңдікке жырту зиянкестердің личинкаларын салуға жол бермей жойылуына немесе күрт азаюына септігін тигізеді. Себебі жаз айларының басында әрекеттене бастайтын бізтұмсықтарды ерте егіліп жетіліп қалған ноқаттан гөрі, кеш егілген ноқат өскіндері өзіне көбірек тартады;

- Химиялық шаралар. Зиянкестердің, мысалы бізтұмсық-қоңыздың, саны 1 м² алаңда 1-2 –ден көп болса егістікті Кинмикс 10 % в.с. (0,15 л/га), Децис 2,5% к.э. (0,2 л/га) және Каратэ 050 к.э. (0,2 л/га) инсектицидтерімен өңдейді.

Жоғарыда атлған агротехникалық шараларды дұрыс сақтау арқылы біз көп өнім алуға болатынына сенімдіміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Медеубаев Р.М. Оңтүстік қазақстанның тәлімі егісінде дәнді, мал азықтық, бұршақты және майлы дақылдарды өсіру технологиясы. 2017ж
2. Бушулян О.В., Сичкарь В.И., Бабаянц О.В., Толкачев Н.З. Современная технология выращивания нута. Итернеттен алынған. 2021ж